

**М. Сакиева<sup>1\*</sup>** , **Т. Сламбекова<sup>2</sup>** , **А. Муханбетчина<sup>1</sup>** 

<sup>1</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ.

<sup>2</sup>Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: Mansia72@list.ru

## **МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ЖЕТІСТІГІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЕГІЗІНДЕ ДАМУ**

Қазіргі кезде біздің елімізде білім беруді дамытуға көп көңіл бөлініп келеді. Заманауи мұғалім жұмысының маңызды құрамдас бөлігі – кәсіби жетістік. Әрбір ұстаз өз жұмысында сапалы жұмыстан кәсіби мотивация алып, оқушыларға қажетті білім беру үшін жеістікке жетуге ұмтылуы керек. Табысты еңбекті ұйымдастыруға әсер ететін маңызды факторлардың бірі – еңбекті ұйымдастыру, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен және оқушылармен қарым-қатынас, сонымен қатар өздерінің кәсіби қабілеттерін жүзеге асыру. Педагогикалық қабілеттер өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеуді қалыптастыратын тиімді ақпараттың жинақталуын қамтамасыз етуге көмектеседі, сол арқылы мұғалімнің өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі бекітуге қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазіргі педагогтердің кәсіби жетістігінің құрамдас бөліктерінің бірі – кәсіби шеберлікті қамтамасыз етудің жаңа құралдарын меңгеру аясында үздіксіз білім алуы және өзін-өзі жетілдіруі. Жоғарыда айтылғандарға байланысты мақала авторлары Ш.А. Амонашвили, А.Г. Асмолов, Н.М. Боротко, Д.В. Григорьев, А.Н. Лутошкин, А.С. Макаренко, Р.С. Немов, П.В. Степнов, И.Ю. Шустов, т.б., көзқарастарын талдай отырып, педагогикалық ұжым дамуының негізгі деңгейлерін көрсетеді. Сондай-ақ Еуропа мен АҚШ-тағы ынтымақтастық педагогика стратегияларын талдайды. Мақалада педагогикалық ынтымақтастыққа негізделген мұғалімдердің кәсіби жетістігін дамыту мәселесін ғылыми талдауға және сыни тұрғыдан түсіндіруге тырысады. Зерттеудің практикалық бөлігі ағымдағы білім беру міндеттерін, соның ішінде инклюзивті білім берумен байланысты мәселелерді шешу үшін ұжымда педагогикалық ынтымақтастық стратегияларын пайдалану мәселесі бойынша 50 педагогке жүргізілген сауалнаманы қамтиды.

**Түйін сөздер:** білім беру, педагогикалық ынтымақтастық, мұғалімдердің кәсіби жетістігі, педагогикалық ұжым, шағын жинақты мектеп, өзара әрекеттесу.

M. Sakiyeva<sup>1\*</sup>, T. Slambekova<sup>2</sup>, A. Mukhambetchina<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Makhambet Utemisov West Kazakhstan University, Kazakhstan, Oral

<sup>2</sup>L.N. Gumilev Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

\*e-mail: Mansia72@list.ru

### **The development of professional achievements of teachers on the basis of pedagogical cooperation**

Nowadays, a lot of attention is concentrated to the development of education in our country. An important component in the work of a modern teacher is professional success. Each teacher in his work should strive to achieve success in order to get professional motivation from the quality work which is done and provide the necessary level of students' knowledge. One of the substantial factors that impact the organization of successful work is the organization of work, relations with the teaching staff, parents & students, as well as the ability to show the implementation of their professional qualities. Pedagogical abilities help to assure the accumulation of fertile information that stimulate the formation of self-control and self-regulation, therefore providing the teacher's need for self-development and self-affirmation. One of the components of the professional success of modern teachers is continuous education and self-improvement in the framework of mastering new means of ensuring professional excellence. In connection with the preceding, the authors of this article, having analyzed the views of Sh.A.Amonashvili, A.G.Asmolov, N.M.Borytko, D.V.Grigoriev, A.N. Lutoshkin, A.S. Makarenko, R.S. Nemov, P.V.Stepnov, I.Yu. Shustov presents the main levels of development of the teaching staff. It also analyzes the strategies for cooperation of pedagogy in Europe and the USA. The article attempts to scientific analysis and critical understanding of the problem of development of teachers' professional success, based on pedagogical cooperation. The practical part of the study includes a survey of 50 teachers on the problem of using strategies of pedagogical cooperation in the team to solve current educational problems, including those related to inclusive education.

**Keywords:** Education, pedagogical cooperation, professional success of teachers, teaching staff, ungraded school, interaction.

М. Сакиева<sup>1,\*</sup>, Т. Сламбекова<sup>2</sup>, А. Муханбетчина<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова, Казахстан, г. Уральск

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

\*e-mail: Mansia72@list.ru

### Развитие профессиональной успешности учителей на основе педагогического сотрудничества

В настоящее время, развитию образования в нашей стране уделяется большое внимание. Важной составляющей в работе современного педагога, является профессиональная успешность. Каждый учитель в своей работе стремиться к достижению успешности и развитию профессиональной мотивации, получению удовлетворенности от качественно проделанной работы, обеспечивать необходимый уровень знаний и компетенций у обучающихся. Одним из значимых факторов, которые влияют на организацию успешной работы является организация труда, отношения с педагогическим коллективом, родителями и учащимися, а также умение проявлять реализацию своих профессиональных качеств. Педагогические способности помогают обеспечить накопление плодотворной информации, которая стимулируют формирование самоконтроля и саморегуляцию, обеспечивающую тем самым потребность педагога в саморазвитии и самоутверждении. Одним из составляющих профессиональной успешности современных учителей является непрерывное образование и самосовершенствование в рамках овладения новыми средствами обеспечения профессионального мастерства. В связи с вышеизложенным, авторами настоящей статьи, проанализировав взгляды Ш.А. Амонашвили, А.Г. Асмолов, Н.М. Борытко, Д.В. Григорьев, А.Н. Лутошкин, А.С. Макаренко, Р.С. Немов, П.В. Степнов, И.Ю. Шустова, представлены основные уровни развития педагогического коллектива; анализируется стратегии сотрудничества педагогики в странах Европы и США. В статье предпринята попытка научного анализа и критического осмысления проблемы развития профессиональной успешности учителей на основе педагогического сотрудничества. Практическая часть исследования включает опрос 50 педагогов по проблеме использования стратегий педагогического сотрудничества в коллективе для решения текущих образовательных задач, в том числе связанными с инклюзивным образованием.

**Ключевые слова:** образования, педагогическое сотрудничество, профессиональная успешность учителей, педагогический коллектив, малокомплектная школа, взаимодействие.

### Кіріспе

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің алдында қоғамдық құндылықтарды, мәдениетті, қоғамдық белсенді шығармашылыққа бейімделген қызметтерді атқара алатын тұлғаларды дайындау міндеті тұр. Сонымен қатар, ұстаздан тәлім-тәрбие алған бүгінгі ұрпақ қазақ ұлтының атынан сөз сөйлеп, елімізді танытатын, үлгі болар азаматтар болуы тиіс. Осындай азаматтарды тәрбиелеу үшін қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті қалыптасқан, педагогикалық ынтымақтастық негізінде кәсіби жетістігін дамыта алатын мұғалім қажет. Педагогтердің кәсіби жетістігін дамыту жолында көптеген сыртқы және ішкі мәселелер үнемі пайда болады, оларға барабар жауап беру ерекше дайындықты қажет етеді. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңында және ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12

қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында атап көрсетілген.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Ата-аналар мен оқушылар алған білімінің және игерген машық-дағдысының сапалы және сұранысқа ие болуы үшін белгілі бір деңгейде жауапты екенін сезінуге тиіс. Сондықтан, олармен де үнемі әріптестік қатынас орната білу керек...», – деп атап көрсетті (Тоқаев, 2022)[1]. Бұл ретте бүгінгі тәрбие және дамыту әдістемелерін терең меңгерген мұғалімнің көшбасшылық мәселелерінде білікті болуы үшін кәсіби қызметінде педагогикалық ынтымақтастық дағдысын қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Жаңашыл-педагогтер Ш.А. Амановши, Т.И. Гончарова, Е.Н. Ильин, В.А. Караковский және т.б., кәсіби жетістікті мұғалім мен

оқушының өзара әрекеттесуінің оң нәтижесі ретінде қарайды. Жетістік пен сәтсіздік мәселесін П.И. Пидкасистый мен Л.М. Фридман да зерттеген. Бірқатар ғалымдардың (Ф.Н. Гоноволлин, Н.В. Кузьмина, В.А. Крутецкий және т.б.) пікірінше, педагогикалық қызметтің жетістігі негізінен дамыған педагогикалық қабілеттермен анықталады. А.К. Макарова осы мәселені зерттей отырып, мұғалім үшін ең маңыздысы жалпы өзін-өзі бағалаудың жағымды болуын қалыптастыру болып табылады, өйткені өзін жақсы қабылдайтын мұғалімнің өзіне деген сенімділігі, мамандығына қанағаттануы және жұмыс тиімділігі артады деген қорытындыға келеді.

Л.М. Мутина мұғалімнің кәсіби қызметінің жетістігі өзін-өзі тану мен «Мен-тұжырымдамасының» даму деңгейіне байланысты екенін атап көрсетеді. Ол мұғалімнің табысты тұлғасын дамытуды оның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін сезіну арқылы педагогикалық бағыттылығын, құзыреттілігін, эмоционалдық икемділігін арттыру және құрылымын жетілдіру үдерісі ретінде қарастырады. Ол тұлғаның ішкі ортасын, оның белсенділігін және өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігін адамның табысты дамуының негізгі факторы деп санайды.

Н.А. Аминов заманауи табысты мұғалімнің типіне мынадай сипаттама береді: «Бұл эмоциялық және әлеуметтік факторларға сүйене отырып, бала тұлғасын дамытуға ұмтылатын мұғалім. Ол еркін оқыту стилі, жеке көзқарас, шынайы және достық қарым-қатынаспен сипатталады». Л.Р. Симсонның айтуынша, табысты мұғалім – бұл креативті педагог (креативті – шығармашылыққа бейімділігі жоғары), олар өмірдің әр түрлі салаларында табысты, жан-жақты, қызығушылықтары кең ауқымды болып келеді (Жемухова, 2009: 103)[2].

Бұл зерттеліп отырған мәселе жинақталған білім мен тәжірибені қорытуға септігін тигізеді.

### Әдебиеттерге шолу

Зерттеуіміздің тірек ұғымдары болып отырған «кәсіби жетістік» ұғымдарын психологиялық тұрғыдан талдауға көшу алдында кәсіби жетістік жайлы әлі де болса, белгілі бір кесімді түсініктер қалыптаса қоймағанын айта кету керек. Жалпы, мұғалімнің кәсіби жетістігінің, педагогикалық қызметте тұрақты жоғары нәтижелерінің болуы – бұл олардың ата-аналар мен әріптестерінің, оқушыларының арасындағы

беделі, бұл – табысты тәлімгерлік және жұмыстың озық инновациялық сипаты. Енді осы бағыттағы психологиялық еңбектердегі түйген ойларға талдаулар жасап, педагогикалық зерттеулердегі «кәсіби жетістік» ұғымының түсіндірмелеріне мән беретін болсақ, жетістіктің негізі мұғалімнің педагогикалық қабілеттерінің сипаттамасын анықтауға мүмкіндік берді. Әрине, кәсіби жетістік өзінен-өзі жетіліп, қалаған нәтижені береді деуге болмайды. Ол үшін белгілі жағдайлар, шарттар жасалуы қажет.

Бұл ойды А.К.Маркова дамыта отырып, мұғалімнің кәсіби жетістігі мына компоненттердің бірлігі деген тұжырым жасайды:

-кәсіби білім – педагогикалық-психологиялық білім, мұғалімдік еңбектің мәні, баланың дамуы, жас ерекшелігі жайлы білім;

-кәсіби білік – «педагогикалық техника» деп аталатын оқушыға, әріптестерге ықпал ете алу құралы;

-кәсіби психологиялық позиция – мұғалімнің өзіне, әріптестеріне, оқушыға қатысы;

-психологиялық сапа – байқампаздық, педагогикалық ойлау, рефлексия, өзіне-өзі баға беру арқылы іске асады.

Ғалым олардың өзара байланысты екенін атап, мұғалімнің кәсіби жетістігінің ең жоғарғы деңгейі жаңа, өнімділігі аса жоғары оқыту мен тәрбиелеудің жүйелерін ойлап табу деп қорытады (Тұрғынбаева, 2007: 25)[3].

А.К. Маркова өзінің кәсіби жетістікке қатысты тағы бір пікірінде педагогтардың оқуы мен өз бетінше білім алуы педагогикалық ақиқатты өзіндік талдау, кәсіби өзіндік сана және өз еңбегінде басқалармен қарым-қатынаста бола алуға бағытталуында екендігін атап өтеді. Кәсіби жетістікті дамытуда ең басты роль тұлғаның өзін, өзінің кәсіби санасын жетілдіруіне, өз еңбегінде басқа адамдармен қарым-қатынасын кәсібилендіруге беріледі деген ой тастайды.

Н.В. Кузьмина жетістіктің негізі педагогикалық қабілеттермен анықталатынына тоқталып өтеді. Іс-әрекет және таным объектілерімен әрекеттестік білім алушылардың дамуына ықпал етеді, ал дамудың жаңа деңгейі, өз кезегінде, жаңа объектілермен әрекеттесу мүмкіндігін тудырады. Демек, білім алушылардың дамуына ықпал ету үшін мұғалім оларды білім, қарым-қатынас және еңбек объектілерімен өзара әрекеттесу жағдайына қоюы керек, сол арқылы білім алушылар қиындықтар мен тұйықтығырықтан шығудың жолын өз бетінше іздеуге мәжбүр болады (Кузьмина, 1985: 26)[4].

Тұлғаның кәсіби жетістігін дамыту немесе оған қол жеткізу шарттары мен факторларын талдау педагогикалық қызметке кәсіби уәждеменің мәні мен дамуын, мұғалімнің кәсіби даму динамикасын, максималды жетістіктер кезеңдерін бөліп көрсетуді, сонымен қатар педагогикалық кәсібилікті сипаттайтын және оны анықтайтын негізгі психологиялық – педагогикалық құбылыстар ретінде кәсіби өзін-өзі тану мен кәсіби жетілуді зерттеуді қамтиды.

Мектеп деңгейінде мұғалімнің білімін дамытуына мүмкіндік болмаған кезде, жалпы жүйелі жақсартуды күту қиын. Мұғалімнің мүмкіндіктерін кеңейтуде мектеп ұйым ретінде емес, қоғамдастық ретінде жұмыс істегенде көбірек тиімді болады.

Педагогикалық ұжымның даму үрдісінде оның жиі өзгеруі орын алады, уақыт бойынша бірізді әрекеттер жиынтығының жаңа күйге ауысуының белгілі бір бағыты жүзеге асырылады. Жалпы білім беру мекемесіндегі педагогикалық ұжымның дамуын эволюциялық өзгеріс ретінде түсінудің тұжырымдалған тәсілі, оның қайнар көзі дамушы топтың өзінде болып табылады, бізді «даму деңгейі» ұғымын енгізуге және оның негізгі мағынасын бекітуге міндеттейді.

Психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында қалыптасқан ұжымның даму деңгейлеріне деген бірқатар ғалымдардың көзқарасына сүйене отырып (Ш.А.Амонашвили, А.Г.Асмолов, Н.М.Боритко, Д.В.Григорьев, А.Н.Лутошкин, А.С.Макаренко, Р.С.Немов, П.В.Степнов, И.Ю.Шустова), ұйымдағы педагогикалық ұжым дамуының негізгі деңгейлерін төмендегідей көрсетуге болады (Железовская, 2019: 112а)[5]:

I. *Ұымдастырудың формальды деңгейі* (кейде *конгломерат* деп аталады). Әрбір жеке педагогті еңбек функциялары мен қажетті еңбек әрекеттерінің жиынтығын белгілей отырып, онымен еңбек шартын жасасу арқылы белгілі бір біліктілік деңгейімен жұмысқа алу, әрқайсысының қалыптасқан ұйымдық құрылымға, тұрақты жұмыс істейтін мұғалімдер құрамына кіруі. Педагогикалық ұжымды біріктіру жарияланған ортақ мақсат негізінде, топ арасындағы өндірістік қатынастар ұйымы басшысының шешімімен бекіту арқылы жүзеге асырылады. Мұндай конгломерат мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас стихиялы түрде, өзара немесе бір жақты жанашырлық (ұнатпау), сенім (сенімсіздік), жақындасу (бас тарту) әсерінен құрылады.

II. *Репродуктивті-функционалдық деңгейі*, ұйымның үздіксіз дамуы арқылы педагогикалық

ұжымның қалыптасуын, өз бетінше топтарға бөлуді (ресми және бейресми) қайта өндіру, өзгерту немесе жаңа қызмет нормаларын дамыту үрдістерімен, топтың өзін-өзі тануы, мінезқұлық және қарым-қатынас стилі, тәрбиелік қарым-қатынастар мен әрекеттердің барлық қатысушыларымен ішкі байланыстары және т.б. қалыптасуы. Өз қызметін жүзеге асырудың бірдей құралдары мен әдістерін қолдану есебінен педагогикалық ұжым мүшелерінің арасында тереңірек тұлғааралық қарым-қатынастар, еркін іскерлік байланыс орнатылады. Жеке тұлғаға қойылатын талаптарды топ әлдеқашан ұсынып, оны орындауға қабылдайды, бұл ұйым жұмысындағы келісімді қамтамасыз етеді.

«Болу» түсінігіне жүгіну педагогикалық ұжымдағы сапалық өзгерістердің негізін, оның бірлестік деңгейінен ынтымақтастық деңгейіне көтерілуін көрсетуге және ең бастысы, оның басқарылатын үрдіс ретіндегі мәнін көрсетуге мүмкіндік береді (Сердюкова, 2020)[6].

III. *Педагогикалық ұжымның саналы – репродуктивті немесе ынтымақтастық деңгейі* оған педагогикалық ұжымның құрылымын, іс-әрекеттегі жеке-топтық өзара әрекеттестік қағидалары мен нормаларын бекітуді, ұйымның белгіленген тәртіппен тұрақты жұмыс істеуін көрсетеді. Қызметтің ағымдағы міндеттерін бірлесіп шешу бойынша іс-әрекеттерді үйлестіру тәжірибесі, жеке мұғалімдердің, барлық топтардың және жалпы ұйымның мүдделерін ескере отырып, шығармашылық үшін қолайлы моральдық-психологиялық ахуал мен атмосфера, ұйымдық-психологиялық тұрғыдан топ құру, бір-біріне эмпатия болып табылады. Жеке (ұжым өкілі) өзіне де, жалпы педагогикалық ұжымға да талаптар қою фактісі атап өтіледі.

IV. Жаңа сапаға (*автономияға*) көшу, жалпы білім беру мекемесінің ұжымына тән жалпы сапалар мен барлық ішкі құрылымдарда жоғары ішкі бірлігі бар педагогикалық ұжым ретінде сипатталады. Бұны шын мәнінде, жалпы білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымы деп айта аламыз, өйткені, оның барлық мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастар ортақ құндылықтармен, бірлесіп бөлінген қызметтегі ұмтылыстармен, оның мәні мен мазмұнымен, жеке-ортақ шынайы мақсаттардың композициясын қалыптастыруға дайындығымен және қабілетімен, қажет болған жағдайда өзара әрекеттестік пен қарым-қатынас құрылымын құрумен және өзгертумен шартталған.

Көрсетілген деңгейлер жиынтығы және олардың реттілігі жалпы білім беру ұйымындағы

педагогикалық ұжымды жүйелі ұйымдастырудың идеалды үлгісі болып табылады, ол дамуды басқаруға, оның принциптеріне, әдістеріне, әдіснамасы мен пәндеріне қатысты шешімдер қабылдау үшін бағдар бола алады.

Әрбір деңгей – бір-біріне жалғасып отыратын үздіксіз үдеріс. Өмірлік бағдардан сыртқы әлемге, көбінесе сырттан анықталатын ішкі өмірге – өзін-өзі анықтайтын болмысқа, болжамды прогресске, ішкіге тірек, өзек ретіндегі үрдіске уақыт өте келе өзін-өзі өзектендіруге бейімделу тенденциясы ретінде көрінеді (Леус, 2019: 33)[7].

Ұйымның педагогикалық ұжымы оның дамуында тоқтап қалмайды, өйткені ол әрқашан тірі әлеуметтік организм болып қалады. Өртүрлі іскерлік және жеке қарым-қатынастарда құлдыраулар үнемі болып тұрады, ынтымақтастық пен шығармашылық үзіледі, қызмет мазмұнына деген көзқарас өзгереді, нақты тұлғалардың құрылымы мен ұстанымы қайта құрылады, сондықтан ұйымда өзара әрекеттесу мен біріктіруді үнемі сақтау керек.

Жалпы білім беру ұйымының ұжымындағы ішкі бәсекелестік пен бақталастық факторының атап өтілген сындарлылығына қарамастан, олардың кері әсерін ескермеуге болмайды. Бұл әсер, көбінесе, мұғалім тұлғасының өзі үшін және оның беделі үшін жұмыс істеуге, білім беру бағдарламасының тұжырымдамасын еркін таңдау құқығын пайдалана отырып, шығармашылықта өзін барынша толық іске асыруға, үрдістерді ұйымдастыруға ынталандырумен байланысты, оны жүзеге асырғаны үшін қоғам мойындауы мен ата-аналардың көзайымына ие болған мүдделер бірлестігінің немесе құрылымдық бөлімшенің табысты жетекшісі болуға ұмтылу болып табылады.

Сонымен қатар, ұйымдағы педагогикалық ұжымның дамуының логикасы оны әрбір жаңа деңгейде өзгерту кезінде тек ішкі мәселелерді шешуге немесе сыртқы проблемалық жағдайлармен жұмысты күшейтуге ғана емес, сонымен қатар диалектикалық шартты субъективті түрлендіруден тұрады. Үздіксіз дамудың процесуалдық сипатын және ұйымның педагогикалық ұжымының болу мүмкіндігін сақтау тәсілі педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты жалпы білім беретін мекеменің педагогикалық ұжымының дамуын басқару мәселесі бірінші орынға шығады. Педагогикалық ұжымның дамуын басқару үшін педагогикалық ынтымақтастық ортасын құру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Өткен ғасырда оқыту үдерісінде шетелдік ғалымдардың Ж.Ж. Руссо, К. Роджерс, Э. Берн, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, Я. Корчак, В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінде білім мен тәжірибенің өзара байланысын күшейту мақсатында қолданылатын әдістерге ерекше мән берілді. Жоғарыда аталған ғалымдар оқытуда бірлескен, ұжымдық іс-әрекеттің ынтымақтастық сипатын ашуды көздеді. XX ғасырдың 80 жылдары мектептегі оқыту үдерісінің жаңа әдістемесі қалыптасып, сабақ барысында ұжым ішіндегі ынтымақтастық, шығармашылық жұмыстарға барынша назар аударылды. Бұл кездегі педагогикалық ынтымақтастықты дамытуда В.Ф. Шаталов, Н.П. Гузик, Ш.А. Амонашвили, И.П. Волков, И.Т. Гончарова, Н.Ы. Палтышев, Е.Н. Ильин, С.Н. Лысенкова, Б.П. Никитин, В.А. Караковский және т.б. өз еңбектерінде қарастырады (Мурзагулова, 2019: 101)[8].

Педагогикалық ынтымақтастық кәсіби ынталандыру негізінде және сыртқы фактілердің әсерінен (әлеуметтік – экономикалық жағдайлар, білім беру, орта, кәсіби топтар және т.б.) қызмет субъектісінің өз күш-жігері арқылы дамитын жеке кәсіби құбылысқа айналды. Педагогикалық ынтымақтастық – педагогиканың тәрбиеге, оқушыларды адамгершілік принциптерге және тұлғаны дамытуда шығармашылық принциптерге тәрбиелеуге негізделген бағыты.

Педагогикалық ынтымақтастық негізінде педагог, оқушы және ата-ананың өзара әрекеттестігі жатыр. ТМД елдерінің серіктестік педагогикасын енгізу контекстіндегі тәжірибесі мыналарды көздейді (Снегирева, 2021: 96)[9]:

- педагогикалық ынтымақтастықты жүзеге асырудың мақсаттары, құралдары мен әдістері туралы ортақ түсінік;
- бірлескен қызметте тәрбиеге кешенді көзқарасты, әлеуметтік және отбасы тәрбиесі жағдайларына негізделген мұғалімдер мен ата-аналардың құзыреттілігін енгізуге ұмтылу;
- баланың жеке тұлғасын сыйлау;
- өзара сыйластық және өзара сенім;
- үздік серіктестік тәжірибелерді зерттеу;
- білім беруді жетілдіру;
- білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін шешімдер қабылдау үшін ата-аналар мен мұғалімдердің санасына, өзара жауапкершілігіне негізделген жақындасу;
- диалогке әкелетін әдістерді қолдану.

Дегенмен, біздің елімізде педагогикалық ынтымақтастықты енгізу мәселесі білім беру

үдерісінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесу мәселесімен сабақтасып отыр.

Бұл білім беру кеңістігінің мәселелерін шетел тәжірибесінің әдістерімен ғана емес, авторлық әдістердің көмегімен де шешу қажеттілігін өзекті етеді.

Педагогика ғылымдары саласында педагогикалық ынтымақтастық жеткілікті түрде қарастырылады. Оның негізгі элементтері Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына (01.09.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 25 мамырдағы №336 Жарлығымен бекітілген) сілтеме жасайды.

Педагогикалық ынтымақтастық оқу бағдарламасы аясында және одан тыс уақытта мазмұнды диалогқа қатысу мен ынтымақтастық ортасын құруға жәрдемдесу құралы болып табылады. Бір жағынан педагогикалық ынтымақтастық өзара тәуелділік педагогикасы ретінде көрініс табады.

Әлеуметтік қарым-қатынастардың модификациясы, цифрлық қадағалау, экологиялық дағдарыс және індеттер өршіп тұрған заманда өзара тәуелділікке негізделген педагогиканы анықтау моральдық императивке айналды. Өзара тәуелділік педагогикасы инклюзивті білім беру арқылы жағымсыз және жағымды моральдық эмоциялар ұғымдарын зерттейді. Осылайша, «жақсы» және «жаман» нәтижелердің қалыптасуын локализацияланған, күрделі және динамикалық процесс ретінде тану оқушыларға ынтымақтастық үшбұрышында еркін болуға мүмкіндік береді (Мунтаева, 2022: 122)[10].

Толығырақ түсіну үшін біз Еуропа мен АҚШ-тағы педагогикалық ынтымақтастық стратегияларын талдаймыз. Осы тұста Польша тәжірибесі ерекше назар аударуға лайық. Познань білім кеңесінің инспекторы П.Вантух атап өткендей, педагогикалық ынтымақтастық «Оқушыларды, ата-аналарды және мұғалімдерді ортақ мақсат пен ұмтылыс біріктіреді. Мұндай ынтымақтастық нәтижеге бірдей жауапты барлық мүдделі пікірлес адамдар арасында ерікті болып табылады». Польшадағы педагогикалық ынтымақтастық ата-аналардың негізгі құқықтары мен міндеттерінің арасында анықталды (Дейкина, 2022: 3)[11]:

- ата-аналардың билікке өз пікірін білдіру және кеңес беру құқығы;

- ата-аналар кеңесінің мектеп үшін профилактикалық бағдарламаларды қабылдауы;

- ата-аналардың білім алушыларға психологиялық көмек көрсету принциптерін және әртүрлі ұйымдармен ынтымақтастық шарттарын қабылдауы.

Ата-аналардың құқықтарымен қатар міндеттері де бар: оқушылардың мектепке баруы, олардың сыртқы келбеті, оқу құралдарының болуы, жауапкершілігі. Ал Польшадағы шағын жинақты мектептерде ата-аналар кеңесі міндетті. Ол үшін әртүрлі ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар арасында сауалнамалар, оқу үдерісіне қатысушылармен фокустық сұхбаттар және сабақтарды бақылау жүргізіледі (Игнатова, 2020: 119)[12].

Келесі кезекте 1-кестеде шетелдердегі шағын жинақты мектептерде (ШЖМ) педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастырудың стратегиялары көрсетіледі.

#### 1-кесте – Шетелдегі ШЖМ педагогикалық ынтымақтастық стратегиялары

Елдер	ШЖМ педагогикалық ынтымақтастық стратегиялары
Канада	Мемлекет ата-аналар мен қоғам үшін арнайы білім беру жүйесін бақылайды және ұйымдастырады.
Нидерланды	Ата-аналардың қоғамдық бірлестіктері басқарады және олардағы білім сапасы, мамандардың пікірінше, мемлекеттік мектептерге қарағанда әлдеқайда жоғары.
Израиль	Білім беру ата-аналарға, мұғалімдерге және қоғамға арналған кәсіби оқыту бағдарламаларына негізделген.
Норвегия	Білім беру грантын муниципалитеттер деңгейіне беру арқылы мектептерді біріктіру, олардың мектептерге жауапкершілігі.
Германия	Ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болу, оқушыларға бірдей жауапкершілікпен қарау, ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер үшін конференциялар ұйымдастыру.
Испания	Отбасылық қарым-қатынастарды жақсы білетін және түсінетін мұғалімдерді дайындайтын мемлекетпен білім беру саласындағы серіктестік бағдарламалары. Тәлімгерлік, мектептің отбасылық басшылығы, мұғалімдермен билік қарым-қатынасын жаңғырту негізінде отбасы мен мектеп арасындағы серіктестік идеясы.
АҚШ	Муниципалды органдармен, жұмыс берушілермен және т.б., шағын жинақталған мектептерді қаржыландыру бөлігінде енгізілген.

Америка Құрама Штаттарында серіктестік педагогикасы бар. Фирмалар мен кәсіпорындар шағын жинақталған мектептермен серіктестік орнатады, болашағын перспективті жұмыс күшімен қамтамасыз етеді, бұл білім сапасына практикалық үлес қосудың нәтижесі. Американың ауылдық жерлеріндегі серіктестік субъектілері мұғалімдер, ауылдық кеңес қызметкерлері, кітапхана, фельдшерлік пункт, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, жеке кәсіпкерлер және т.б. болып табылады.

АҚШ-та «Ауылдық аумақтарды жақсарту үшін серіктестік» бағдарламасы Вашингтон штатында жұмыс істейді. Кейіннен АҚШ-та университеттер серіктес ретінде әрекет ететін «Әріптестік» бағдарламаларының желісі жұмыс істей бастады. Мысалы, мектеп қызметкерлері мен студенттері университеттік дәрістерге тәулік бойы қол жеткізе алды және интерактивті әдістерді қолдана отырып, тікелей эфирде білім беру байланысын жүзеге асыра алды. Бағдарлама Құрама Штаттардағы 160-қа жуық шағын мектептерді қамтыды (Рыборецкая, 2021: 39)[13].

Мектеп ұйымдары 18 штатта орналасқан және олардың жұмысы «Нью-Йорк Таймс», «Атланта Джорнал» және т.б. сияқты белгілі мерзімді басылымдарда жарияланған.

Америка Құрама Штаттарындағы серіктестік педагогикасын ұйымдастыру тәжірибесін талдағаннан кейін біз оның прогрессивті тенденцияларын атап өтеміз (Чернакова, 2019: 243)[14]:

-білім беру бағдарламаларын таңдауда мектеп пен қоғамдастықтың ынтымақтастық стратегиясын қолдану;

-қоғам мүшелері мен ата-аналар үшін тегін оқытуды ұйымдастыру;

-қоғамды нақты істерге тарту және кәсіби құзыреттілікке негізделген практикалық ынтымақтастық;

-шағын жинақталған мектептерде нақты оқу мақсаттарына сәйкес рефлексиялық әрекеттерді ұйымдастыру;

-ұлттың өркендеуі үшін кәсіби құзыреттілікке негізделген серіктестіктерді ұйымдастыру.

Сондай-ақ, шағын жинақты неміс мектептері айтарлықтай автономды, олардың серіктестік педагогика тәжірибесі ерекше. Әрбір оқу орны ата-аналармен, оқушылармен, мұғалімдермен конференциялар өткізеді. Әрбір «күштің» тең делегаттары бар. Мұндай конференция мектеп дамуының векторын құрайды және жыл бойына туындайтын барлық мәселелерді шешеді. Әрбір шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

Сонымен қатар Израиль мектептерінің де өзіндікқызықты тәжірибесі бар. Мұнда мұғалімдермен және студенттермен көптеген қоғамдық ұйымдар ынтымақтаса жұмыс істейді. Бұл ретте педагогикалық ынтымақтастықтың принциптерін басшылыққа ала отырып, мектептер мен ұйымдар қарастырылған (Ткач, 2020: 31) [15]:

-біліктілікті арттыру: мұғалімдерге арналған интенсивті бағдарламалар мен коучингтерді жүзеге асыру;

-көшбасшылық тренинг: менеджерлердің, қызметкерлердің және оқытушылардың кәсіби дамуын қолдау;

-мықты мамандар: үздіксіз кәсіби емтихан негізінде өзінің кәсіби қызметін жетілдіру;

-құнды ресурстар: білім беру көшбасшыларына арналған ресурстар жинағы;

-мәдени сауықтыру: білім беру ұйымдарына олардың негізгі құндылықтарын көрсететін мәдениетті құруға көмектесу, ортақ тіл табысу мен өз тәжірибелерін пайдалана отырып, сол ұйым ішінде өзара қарым-қатынас құрамдастарын нығайту;

- оқыту тәжірибесіне көзқарастарды өзгерту (Cook & Orit, 2018).

### **Зерттеу материалдары және әдістері**

Зерттеу жұмысында ғылыми педагогикалық әдебиеттерге шолу жасау, талдау, бақылау, сұхбаттасу, мұғалімдерге арналған сауалнама жүргізу қолданылды.

Қазіргі таңда инновациялық педагогика элементтерінің практикалық маңыздылығы өзекті. Өйткені оның негізгі парадигмасы маманның кәсіби ізденісі, яғни білім іздеу және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, сабақты құру әдістемесі мен технологиясы, мұғалімдердің өзара бірлескен іс-әрекеті мен үздіксіз кәсіби дамуы негізгі болып табылады.

Көптеген заманауи ғалымдар гуманизмді, шығармашылықты, білім беру қызметін алушы мен жеткізушінің басым құндылықтарын тану, білім алушыға бағытталған көзқарас, үйлесімді даму элементтері, интеграцияланған ойлау арқылы педагогикалық ынтымақтастықты түсіну векторына сүйенеді (Железовская, 2019: 1116)[5].

Педагогикалық ынтымақтастық ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың қыр-сырын түсінуді де қамтиды. Білім берудегі инклюзивті вектор бүгінгі таңда Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының құрамдас

бөлігі болып табылады. Мәжбүрлеусіз білім беру, еркін таңдау, қолдау идеясы балаларды білім беру кеңістігіне оңай қосудың негізгі іске асырушыларына айналуда.

Ата-аналардың серіктестік педагогикасының оқу жүйесіне қатысуы оқушылардың табысты болуына ықпал етеді. Маңызды аспект – білім беру үдерісіне қатысатын үш тараптың тұрақты диалогының қажеттілігін түсіну.

Отбасы мен мектеп арасындағы серіктестік оқушылардың академиялық және әлеуметтік дамуы үшін маңызды. Педагогикалық ынтымақтастықтың ең сәтті жүзеге асуы – ата-аналардың балаларға оқу кезеңі барысында қолдау білдіруінің жүзеге асырылуы. Осыны негізге ала отырып, мұғалім оқушымен ынтымақтастық қарым-қатынасты ата-анамен бірдей деңгейде ұстауы керек (Сакиева, 2022: 263)[16].

Мектеп, мұғалім және отбасы үштігі арасындағы ынтымақтастық білім берудің барлық деңгейінде оқушылардың жетістіктеріне, әлеуметтік дамуына және әл-ауқатына әсер етуі мүмкін. Кейбір авторлар мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі тұрғысынан мұғалімдердің біліктілігін арттыруға көбірек көңіл бөлуге шақырады. Педагогтердің педагогикалық ынтымақтастық саласында жұмыс істеуге жеткіліксіз дайындығы білім беру технологияларының проблемасы болып табылады.

Көптеген ғалымдар жоғарыда аталған сұрақты қарастырған кезде, осы контекстте киберқорқыту мен ата-ана бақылауымен байланысты жанама моральдық салдарлар туралы айтады. Ынтымақтастық контекстіндегі ата-ананың нұсқауы теріс оқу тәжірибесінің алдын алатыны айтылған (Резапкина, 2019: 242)[17].

Білім беру технологияларын кіріктіру мұғалімдердің жеке дайындығына байланысты, бұл өз кезегінде олардың технологияларды тәжірибеге енгізу дайындығына әсер етеді. Мұғалімнің білім беру технологиясын кіріктіруге дайындығы қабылданатын дағдылар мен сенімдерге негізделген. Мектепке дайындық аспектілеріне сыныптағы білім беру технологияларының ресурстары, технологияны біріктірудің маңыздылығы, мақсаттың айқындығы, директордың қолдауы, мұғалімдердің ресми және бейресми өзара тәжірибе алмасуы жатады. Мектептер мен қауымдастық мүшелері арасындағы ынтымақтастық біріктірілген болса, онда білім беру саласындағы серіктестік табысты болады. Осы саладағы серіктестіктің нәтижесінде мұғалімдердің кәсіби тартылуын айтарлықтай жақсартуға болады (Руднева, 2019: 64)[18].

Бұндай тәжірибе біздің еліміздегі шағын жинақталған мектептерде де байқалады. Біздің еліміз бойынша 7569 мектептің 2751-і (36%) ШЖМ, ал Батыс Қазақстан облысы бойынша 379 мектептің 217-сі (57%) шағын жинақты мектепті құрайды. Шағын жинақталған мектептерде көп жағдайда әр пән бойынша мұғалімдер бір-бірден болады. Бұл тек пәнішілік емес, пәнаралық педагогикалық ынтымақтастықты арттыру қажет екенін көрсетеді. Осы тұста мәселелерді шешу үшін білім беру саласында интеграциялық сабақтар, ресурстық орталық пен магнитті мектеп мұғалімдерінің бірлескен жұмыстары және командалық сабақ өткізу тәжірибесі тиімді қолданылып жүр. Мәселен, 2012 жылы бастау алған үш деңгейлі біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдер бірлесіп жұмыс істеуге дағдыланды. Қазіргі таңда білім беру үрдісінде Назарбаев зияткерлік мектептері енгізген «Іс-әрекетті зерттеу», «Lesson Study» тәжірибелерін жалпы білім беретін мектептерде тәжірибелеріне енгізіп, бүгінде табысты нәтижелерімен бөлісіп жүрген мұғалімдер бар. Өйткені, шын мәнінде, осы аспектілердің барлығын қарастыратын болсақ, онда тек бір мұғалімнің іс-әрекетінде ғана емес, белгілі бір мәселе бойынша ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен айналысатын педагогикалық ұжымының кәсіби жетістіктерін көруге болады.

Зерттеу мақсаты: мұғалімдердің кәсіби жетістігін педагогикалық ынтымақтастық негізінде дамытудың теориялық негізін талдау және оның тиімділігін тәжірибеде тексеру.

Зерттеу міндеттері: «педагогикалық ынтымақтастық» тұжырымдамасын теориялық талдау; педагогикалық ынтымақтастықты жүзеге асырудың жолдары мен зерттеу әдістерін таңдау; мұғалімдердің педагогикалық ынтымақтастық негізінде кәсіби жетістігін дамытудың тиімділігін тәжірибеде тексеру.

Педагогикалық ынтымақтастықтың негізгі міндеттерінің бірі білім беруді демократияландыру. Біртұтас технология ретінде педагогикалық ынтымақтастық әлі нақты үлгіде бекітілген жоқ, оның нормативтік құжаты жоқ. Оның идеялары заманауи педагогикалық технологияларға еніп, Қазақстан Республикасында білім мазмұнын жаңарту тұжырамдамасының негізін құрады. Сондықтан, педагогикалық ынтымақтастықты жаңа педагогикалық ойлаудың іске асуы, озық идеялардың қайнар көзі болып табылатын және заманауи педагогикалық технологиялардың құрамына кіретін технологияның ерекше түрі және ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.



Жаңартылған білім беру мазмұнында ынтымақтастық өзара түсіністік, бірлесіп әрекет ету мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы, мұғалім мен мұғалімнің бірлескен дамытушылық қызметі идеясы ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) бекітілген білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «білім берудің барлық деңгейлерінде ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлы болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған», – деп көрсетілген (Білім беру стандарты, 2022) [19].

Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген базалық құндылықтардың бірі – ынтымақтастық. Ынтымақтастық тұжырымдамасында оқушы оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде көрсетіледі. Демек, бір үрдістің екі субъектісі өзара әрекеттестікте байланыс орнату керек, олардың ешқайсысы екіншісінен жоғары болмауы керек. Мектеп ұжымы шеңберінде мұғалімдер, әкімшілік және оқушылар арасында ынтымақтастық байланыстар орнатылады. Ынтымақтастық принципі мұғалімдердің және оқушылардың қоршаған әлеуметтік ортамен (ата-аналар, отбасылар, қоғамдық және т.б. ұйымдар) қарым-қатынасының түрлеріне тарады.

### Нәтижелер және талқылау

Педагогикалық ынтымақтастықты қолдану тиімділігін анықтау мақсатында зерттеу жұмысы 3 кезеңде (анықтау, қалыптастыру, қорытынды) жүргізілді. Тәжірибелік-зерттеу жұмысы БҚО, Шыңғырлау ауданы білім беру бөлімінің «Ащысай «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» мен «Тасмола жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мекемелерінде жүргізіліп, экспериментке 50 мұғалім қатысты.

Тәжірибелік-зерттеу жұмысымыздың анықтау кезеңінде мұғалімдердің кәсіби жетістігін дамытуда ынтымақтастық педагогика туралы көзқарастарын анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысушы барлық респонденттер мамандандырылған сұ-

рақтарға жауап беріп, келесідей қорытынды алынды:

«Қазақстандық білім беру кеңістігіне ынтымақтастық педагогиканы енгізуді тиімді деп санайсыз ба?» деген сұраққа эксперимент топ респонденттерінің 96%-ы «иә», 4%-ы «жоқ», ал бақылау топ респонденттері 100% «иә» деп жауап берді.

«Оқыту әдістемесіне ынтымақтастық педагогиканы енгізуге қашаннан бері бейімделіп келесіз?» деген сұраққа эксперимент тобының 65%-ы «бір жылдан аз», 23%-ы «екі жыл ішінде», 12%-ы «әлі де бейімделудемін» деп жауап берсе, бақылау тобының 63%-ы «бір жылдан аз», 25%-ы «екі жыл ішінде», 12%-ы «әлі де бейімделудемін» деп жауап берді.

«Өз мектебіңізде ынтымақтастық педагогика элементтерін енгізу қиын ба?» деген сұраққа эксперимент тобының – 27%-ы «иә», 73% -ы «жоқ», бақылау тобының 25% -ы «иә», 75% -ы «жоқ» деп жауап берді.

Респонденттерге арналған келесі сұрақ ынтымақтастық педагогиканы жүзеге асыру-әдістеріне қатысты болды. Нәтижесінде олардың жауаптары келесідей болды: «мұғалімдер арасындағы білім беру ынтымақтастығын басқарудың жаңа тәсілдерін енгізу» – 27% нәтижемен бірінші орында; екінші орында мұғалімдер мен оқушылардың ынтымақтастығы – 22%; үшінші орында мектеп және әлеуметтік мәселелерді шешу – 15%, «волонтерлік іс-шараларға қатысу қажеттілігі» санаты – 14%, жас мұғалімдерді тарту – 13%, қашықтықтан оқыту- 10%-ды құрады.

Сауалнаманың келесі сұрағы инклюзивті тәжірибеге қатысты педагогикалық ынтымақтастық бойынша зерттеуге арналды. Сауалнаманың қорытындысы бойынша бұл мәселені жүзеге асырудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей екені анықталып, белгіленді (бұл сұрақта респонденттердің бірнеше ұстанымдарды таңдауға құқығы бар): эксперимент тобы респонденттері жеке тұлғаны құрметтеу – 25 (96%); достық және оң көзқарас – 14 (54%); сенім – 96 (23%); диалог – өзара әрекет – өзара сыйластық – 5 (19%); бөлінген көшбасшылық және әлеуметтік әріптестік қағидаттары бойынша – 3 (11%) респондент жауап берген (Медведева, 2019: 212)[20]. Екінші сұрақ инклюзивті кеңістікте ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асыру аспектілерінің күрделілік рейтингіне қатысты болды. Нәтижесінде келесідей жауаптар алынды, атап айтқанда: «үшбұрыштағы» қарым-қатынас – 21(81%), оқудың жалпы мақсаты

– 5(19%), терең мектеп бастамасы – 3(12%), авторитарлық коммуникацияны алмастыру – 2(8%) болды.

Келесі кезекте респонденттерге – мұғалімдерге ынтымақтастық педагогиканы жүзеге асырудың проблемалық аспектілерін саралауды анықтауға бағытталды. Нәтижесінде ата-аналардың мектепті басқаруға қатысқысы келмеуі – 12(46%), «үшбұрышты» байланыстың төмен деңгейі – 8(31%), ынтымақтастыққа негізделген білім беру тәсілін түсіну кепілдігінің төмендігі – 6(23%) байқалды.

Тәжірибелік-зерттеу жұмысымыздың анықтау кезеңінде алынған нәтижелерді талдай келе, жоғарыда аталған мәселеге қатысты ғылыми зерттеулердің негізінде әлемдік және отандық тәжірибелер мынадай негізгі ережелерге негізделеді: (Сериков, 2021: 129)[21].

1. Табысты білім беру серіктестіктерінің «көмек» ұғымына негізделуі;

2. Ынтымақтастық педагогиканы дамытуда халықаралық тәжірибелердің тиімді жолдарын іздестіру, оның қатарында ынтымақтастық педагогикасын жетілдіру, қазіргі уақытта ынтымақтастық педагогикаға бағытталған өзара әрекеттестік принциптеріне негізделген жобаларды құру арқылы жүзеге асыру; ынтымақтастық педагогикасында тәжірибелік оқытуды, желілік қауымдастық, өз бетінше дербес оқытуды, сондай-ақ өзара бағалау мен өзін-өзі бағалауды қамтитын интеграцияланған тиімді әдістерді қолдану айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізеді; жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдерінің қатысуымен сабақта педагогикалық әдептің механизмі мен мүмкіндіктерін жетілдіру, педагогикалық тәжірибе алмасу.

Зерттеу жұмысымыздың қалыптастыру кезеңінде жоғарыдағы ережелерге сүйене отырып, «Мұғалімдердің кәсіби жетістігін педагогикалық ынтымақтастық негізінде дамыту» тақырыбында бағдарлама құрастырылды. Бағдарламаның мақсаты: мұғалімдердің кәсіби жетістігін педагогикалық ынтымақтастық негізінде дамыту. Аталған бағдарлама 3 бөлімнен тұрады: «Мұғалімдерді уәждеу»; «Эмпатия»; «Ынтымақтастық орта».

«Мұғалімдерді уәждеу» бөлімінде мұғалімнің қажеттіліктерін зерттеп, оның өз кәсібінен нені қалайтынын біліп, түсінуге бағытталды. Мұғалімдердің кәсіби және жеке өсуін ынталандыру мақсатында өткізілген «Кәсіби қызметке ынталану» тренингіне мұғалімдер қызығушылықпен, белсенді қатысты. Тренинг нәтижесінде уәж, ынталану сұрақтары бойынша мұғалімдер бірлесе пікір алмаса алды және ынталандыру әдістерін (өзіндік талдау, рефлексия, «ынталану» кластер формасындағы миға шабуыл, «ынталанудың 10 әдісі» т.с.с.) қолдануда мұғалімнің өзіндік ұстанымын қалыптастыруға көмектесті.

Бағдарламаның екінші бөлімінде «Эмпатия; түрлері, деңгейлері, дамыту кеңестері» тақырыбында ойлау дизайны форматында және т.с.с. өткізілген шаралардың нәтижесінде мұғалімдер кәсіби педагогикалық іс-әрекеттерінде эмпатиялық мәдениеттерін дамыту қажеттілігін түсінді.

Ынтымақтастық орта бөлімінде мұғалімдер топтасып сабақты зерттеді (Lesson study) және командалық сабақтарды жүргізді. Сондай-ақ семинарлар, коучингтер, тренингтер т.с.с. шараларды өткізу барысында ынтымақтастық ортасын құруға жағдай жасалып, педагогикалық мәселелерді талдау, бірлескен шешім қабылдау, командалық жұмыс формалары тиімді қолданылды. Команда құру және командалық бірлесіп жұмыс істеу бағытында тренингтердің арнайы циклі әзірленіп, өткізілді. Соның ішінде ең тиімді болған әдістердің бірі – Lesson study. Мұғалімдер бірігіп сабақтың жоспарын құрды, сабақты бақылады, талдады. Сабақты жоспарлау және талдау кезінде олар бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынасқа түсе отырып, бір-бірін мұқият тындай отырып, әр түрлі ойлардан бір пікірге келе алды. Сабақты зерттеу әдістемесі арқылы өзара ынтымақтастықта, қарым-қатынас мәдениетінің дағдылары мен іскерліктерін меңгерді.

Мұғалімдердің кәсіби жетістігін дамытуда ынтымақтастық педагогика туралы көзқарастарын анықтау үшін жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың анықтау және қорытынды кезеңдерінің нәтижелері салыстырмалы түрде 2-кестеде көрсетіледі.


2-кесте – Білім беру категориясы ретінде ынтымақтастық педагогиканың мазмұны

№	Сауалнама сұрақтары	Анықтау кезеңі						Бақылау кезеңі					
		Эксперимент тобы			Бақылау тобы			Эксперимент тобы			Бақылау тобы		
		иә	жоқ		иә	жоқ		Иә	Жоқ		иә	жоқ	
1	Қазақстандық білім беру кеңістігіне ынтымақтастық педагогиканы енгізуді тиімді деп санайсыз ба?	96%	4%		100%	0%		100%	0%		100%	0%	
2	Оқыту әдістемесіне ынтымақтастық педагогиканы енгізуге қашаннан бері бейімделіп келесіз?	1 жылдан аз	2 жыл ішінде	Әлі де бейімделудемін	1 жылдан аз	2 жыл ішінде	Әлі де бейімделудемін	1 жылдан аз	2 жыл ішінде	Әлі де бейімделудемін	1 жылдан аз	2 жыл ішінде	Әлі де бейімделудемін
		65%	23%	12%	63%	25%	12%	73%	23%	4%	65%	23%	12%
3	Өз мектебіңізде ынтымақтастық педагогика элементтерін енгізу қиын ба?	иә	жоқ		иә	жоқ		иә	Жоқ		иә	жоқ	
		27%	73%		25%	75%		12%	88%		25%	75%	


«Қазақстандық білім беру кеңістігіне ынтымақтастық педагогиканы енгізуді тиімді деп санайсыз ба?» деген сұраққа эксперимент тобы анықтау кезеңінде 96%-ы «иә» деп жауап берсе, қорытынды кезеңде 100%-ы «иә» деп жауап берді.

«Өз мектебіңізде ынтымақтастық педагогика элементтерін енгізу қиын ба?» деген сұраққа эксперимент тобы анықтау кезеңінде 27%-ы «иә» деп жауап берсе, қорытынды кезеңде 12% -ы «иә» деп жауап берді. Ал бұл сұраққа бақылаушы топ респонденттерінің жауаптары өзгеріссіз қалды. Бұл респонденттердің қалыптастырушы кезеңінен кейін өз тәжірибелерінде ынтымақтастық педагогика элементтерін енгізе бастағаны байқалды.

Инклюзивті тәжірибеге қатысты педагогикалық ынтымақтастық бойынша қорытынды кезеңінде де, эксперимент тобының динамикасының өскендігін көруге болады. Инклюзивті тәжірибеге қатысты педагогикалық ынтымақтастықты зерттеудің анықтау және қорытынды кезеңдеріндегі нәтижелер 1 және 2-суреттерде көрсетілген.



1-сурет – Инклюзивті тәжірибеге қатысты педагогикалық ынтымақтастық бойынша зерттеудің қорытындылары (анықтау кезеңінде)



2-сурет – Инклюзивті тәжірибеге қатысты педагогикалық ынтымақтастық бойынша зерттеудің қорытындылары (қорытынды кезеңде)

Сонымен сауалнаманың қорытындысы бойынша эксперимент тобы респонденттері жеке тұлғаны құрметтеуде бастапқы кезеңде 96%-ы «иә» деп жауап берсе, қорытындыда 100%; достық және оң көзқарас – 54%-дан 73%-ға; сенім – 23%-дан 53%-ға; диалог – өзара әрекет – өзара сыйластық – 19%-дан 62%-ға; бөлінген көшбасшылық және әлеуметтік әріптестік қағидаттары бойынша 11%-дан 31%-ға көтерілді. Инклюзивті кеңістікте ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асыру аспектілерінің күрделілік рейтингіне тоқталатын болсақ: «үшбұрыштағы» қарым-қатынас – 81% өзгеріссіз қалды, оқудың жалпы мақсаты – 19%-дан 23%-ға, терең мектеп бастамасы – 12%-дан 19%-ға көтерілгенін көруге болады.

Нәтижесінде мұғалімдердің білім беруді дамытудың жаһандық мәселелеріне терең этикалық педагогикалық тәсілдермен қатысуға шабыттанғанын және кәсіби ынталары мен қызығушылықтары және мұғалімдердің эмпатиялық мәдениетінің қалыптасуы, рефлексия жасай алуы және кәсіби жетістігінің жоғарылауы көрініс тапты.

Қорытынды сауалнама нәтижесі бойынша қалыптастырушы кезеңде өткізілген жұмыстардың тиімді болғанын байқауға болады. Анықтау кезеңінде эксперимент және бақылау топтарының сауалнама нәтижелері бір-бірінен аз ғана айырмашылық болса, қорытынды кезеңінде өсу динамикасын көруге болады.

## Қорытынды

Қазір қоғамда ең алдымен мектеп оқушыларын тәрбиелеу, оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесу мәселелерін шешетін мұғалімдердің кәсіби жетістігін дамытуда теориялық-эксперименталды бағдарламалар өзекті болып табылады.

Қызметтегі жетістік – адам кәсіпқойлығының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Білім беруді дамыту мен модернизациялаудың заманауи мәдени парадигмасы мұғалімнің жеке басына ерекше талаптар қояды, оның мамандықтағы жетістіктерінің жоғары деңгейін белгілейді. Мұғалімнің кәсіби жетістігінің негізгі факторы мен көрсеткіші оның жеке ерекшеліктерін, кәсіби маңызды қасиеттері мен кәсіби психологиялық мәдениетін дамыту деңгейі, әр мұғалімді өздігінен емес, педагогикалықынтымақтастық негізінде дамыту болып табылады.

Осы талаптарды орындау үшін, ең алдымен ұжымның ішінде мұғалімдердің педагогикалық ынтымақтастығын қалыптастырудың маңыздылығы және әр мұғалім бірін-бірі үйрету арқылы біріккен ұжымдық қызмет жағдайында білімдерін дамытуға болатынын зерттеу нәтижесінде дәлелденді. Сондықтан педагогтің өз білімін жетілдіру үшін әріптестерімен қарым-қатынаста болуы өте қажет. Педагогикалық ынтымақтастық ортасын құру арқылы мұғалімдерге кез-келген уақытта өзінің әріптестерімен

пікір алмасуға, тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндіктер болады.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған бағдар-Өламаньң тиімді болғанын атап өтуге болады. Бастапқыда эксперимент тобында бірқатар мұғалімдердің бірлесе жұмыс істеу дағдыларының төмен екендігі байқалды. Коучинг, командалық сабақ, сабақты зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы педагогикалық ынтымақтастық негізінде мұғалімдер әріптестерімен шешімді бірлесіп шығаруға, рефлексия жасауға, сындарлы кері байланыс беруге, сабақты зерттеуге және кәсіби жетістікке жетуге болатынын түсінді. Мұғалім мен мұғалім, мұғалім мен басшы арасында ынтымақтастық орта қалыптасты. Бұл өз кезегінде мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық орнатуға өз септігін тигізеді деген қорытындыға келдік.

Мұғалімдермен өткізілген іс-шараларда кәсіби жетістік басты назарда болып, оқыту қызметінде мұғалім мен оқушы, тәжірибе алмасу іс-әрекетінде мұғалім мен мұғалім, тәрбиелеу үдерісінде мұғалім мен ата-ана арасында ынтымақтастық орта қалыптасты. Жетістік жағдайы білім беру үдерісінің оқушыларға педагогикалық әсер ету деңгейінен («камқоршылық») олармен жеке қарым-қатынас деңгейіне («ынтымақтастық»), яғни оқушылардың мұғаліммен бірлескен іс-әрекетте субъективті ұстанымды қабылдауына біртіндеп көшуіне ықпал етеді.

Сонымен зерттеу жұмысымыз мұғалім мен мұғалім жүйесіндегі ынтымақтастық қарым-қатынасының дамуы туралы теориялық ережелердің дұрыстығын және осы үдерістегі жетістік жағдайының ролін растады.

#### Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К.Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. – 2022 жылғы Қазақстан халқына жолдауы. – Нұрсұлтан [Электрондық ресурс]. – 2022.–<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
2. Жемухова Л.З. Успешность учителя как педагогическая проблема//Известия Российского государственного университета им. А.М. Герцена – 2009. – №109. – С.103-108.
3. Тұрғынбаева Б.А.Ұстаздық шығармашылық – Алматы: 2007. – 25 б.
4. Кузьмина Н.В. Способности, одаренность, талант учителя – Л:Знание, 1985. – 32с.
5. Железовская Г.И. Профессиональная успешность учителя: теоретический анализ понятия и возможности развития в системе дополнительного профессионального педагогического образования //Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия: Философия. Психология. Педагогика. – 2019. – №1. – С.112.
6. Сердюкова Е.Ф. Влияние индивидуального стиля деятельности учителя на успешность усвоения подростками учебного материала //Известия Чеченского государственного университета. – 2020. – №4(20). – С.117.<https://doi.org/10.36684/12-2020-20-4-114-117>
7. Леус Н.В. Методическая работа молодого учителя как условие успешности процесса становления педагога / Н. В. Леус //Colloquium-journal. – 2019. – №17-4(41). – С.33.
8. Мурзагулова М.Д. ынтымақтастық педагогикасының студенттердің тұлғалық дамуындағы ролі //ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2019. – №3(60). 101-108 б. <https://doi.org/10.26577/JES-2019-3-p10>
9. Снегирева М.В. Правовые ценности и сотрудничество педагогов в области непрерывного образования / М. В. Снегирева //Вестник Волжского университета им.В.Н. Татищева. – 2021. – Т. 1. – № 2(98). – С.96-109.[https://doi.org/10.51965/2076-7919\\_2021\\_1\\_2\\_96](https://doi.org/10.51965/2076-7919_2021_1_2_96)
10. Мунтаева А.С. Проблема профессиональной успешности учителей общеобразовательной организации в аспекте целостного подхода к личности педагога / А. С. Мунтаева //Челябинск: ЗАО «Библиотека А. Миллера». – 2022. – С.122-126.
11. Дейкина А.Д. Подготовка учителя на основе сотрудничества в современном педагогическом образовании / А. Д. Дейкина //Начальная школа. – 2022. – №8. – С.3-6.
12. Игнатова О.И. Инновационно-образовательная среда как условие развития профессиональной успешности учителей начальных классов / О. И. Игнатова //Москва: Общество с ограниченной ответственностью «Актуальность РФ». – 2020. – С.118-119.
13. Рыборецкая Т.Г. Проактивность учителя как фактор его профессиональной успешности / Т. Г. Рыборецкая //Санкт-Петербург: Центр научно-информационных технологий «Астерион». – 2021. – С.36-42.
14. Чернакова Н. В. Педагогические основы сотрудничества семьи и школы в воспитательном процессе / Н. В. Чернакова //Уфа: Общество с ограниченной ответственностью «Аэтерна». – 2019. – С.241-244.
15. ТкачВ.А. Успешность как основной ориентир управления мотивацией профессионального развития педагогов / В. А. Ткач Н. Г. Федюк Н. А. Кузьмина //Управление качеством образования: теория и практика эффективного администрирования. – 2020. – №5. – С.23-38.
16. СакиеваМ.Г. Развитие профессиональной успешности учителей /М. Г. Сакиева, А. Г. Муханбетчина//Киров: Межрегиональный центр инновационных технологий в образовании. – 2022. – С.257-265.

17. Резапкина Г.В. Слагаемые профессиональной успешности учителя: опыт самодиагностики / Г. В. Резапкина // Белгород: Общество с ограниченной ответственностью «Амирит». 2019. – С.240-243.
18. Руднева Т.И. Профессиональное развитие – фактор профессиональной успешности /Т. И. Руднева//Вестник Самарского университета. История, педагогика, филология. – 2021. – Т. 27. – № 2. – С.61-65. <https://doi.org/10.18287/2542-0445-2021-27-2-61-65>
19. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) [Электрондық ресурс]. – 2022. –<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
20. Медведева Т.Ю. Проблемы определения успешности личности в процессе личностно-профессионального развития / Т. Ю. Медведева, О. А. Сизова, А. Н. Медведев // Проблемы современного педагогического образования. – 2019. – № 65-4. – С. 212-215.
21. Сериков В.В. Эмоционально-эстетические ресурсы профессиональной успешности учителя / В. В. Сериков // Москва: ООО «МАКС Пресс», 2021. – С. 129-136. <https://doi.org/10.29003/m2505.978-5-317-06712-0>

## References

- Bilim berudin barliq deñgeyiniñ memlekettik jalpyǵa mindetti bilim beru standarty, 31 qazandaǵy №604 byuryǵymen (2022 zhylдын 3 тамызын №348 byuryǵymen өзgerister engizilgen) [State Educational Standard for All Levels of Education, Order No. 604 of March 31, 2018 (Amendments Introduced by Order No. 348 of July 3, 2022)]. Adilet. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>(in Kazakh)
- Chernakova, N. V. (2019). Pedagogicheskie osnovy sotrudnichestva sem'i i shkoly v vospitatel'nom protsesse [Pedagogical Foundations of Family-School Collaboration in the Educational Process]. Ufa: Limited Liability Company “Aeterna”. (in Russian)
- Deykina, A. D. (2022). Podgotovka uchitelya na osnove sotrudnichestva v sovremennom pedagogicheskom obrazovanii [Teacher Preparation Based on Collaboration in Modern Pedagogical Education]. Primary school, (8), 3-6. (in Russian)
- Ignatova, O. I. (2020). Innovatsionno-obrazovatel'naya sreda kak uslovie razvitiya professional'noy uspehnosti uchiteley nachal'nykh klassov [Innovative Educational Environment as a Condition for the Development of Professional Success of Elementary School Teachers]. Moscow: Limited Liability Company “Actuality of the Russian Federation”.(in Russian)
- Kuzmina, N. V. (1985). Sposobnosti, odarennoct', talant uchitelya [Teacher's Abilities, Giftedness, and Talent]. Knowledge. (in Russian)
- Leus, N. V. (2019). Metodicheskaya rabota molodogo uchitelya kak uslovie uspehnosti protsessa stanovleniya pedagoga [Methodological Work of a Young Teacher as a Condition for the Success of the Process of Becoming an Educator]. Colloquium-journal, 17(4), 33. (in Russian)
- Medvedeva, T. Yu., Sizova, O. A., & Medvedev, A. N. (2019). Problemy opredeleniya uspehnosti lichnosti v protsesse lichnostno-professional'nogo razvitiya [Problems of Defining Personal Success in the Process of Personal-Professional Development]. Issues of contemporary pedagogical education, 65(4), 212-215. (in Russian)
- Muntayeva, A. S. (2022). Problema professional'noy uspehnosti uchiteley obshcheobrazovatel'noy organizatsii v aspekte tselostnogo podkhoda k lichnosti pedagoga [The Problem of Professional Success of Teachers in General Educational Organizations in the Context of a Holistic Approach to the Teacher's Personality]. Chelyabinsk: A. Miller's Library. (in Russian)
- Murzagulova, M. D. (2019). Intymaqtastyq pedagogikasynyñ stúdentterdiñ túlǵalyq damwyńǵa róli [The Role of Intimate Pedagogy in the Holistic Development of Students]. Journal of Educational Sciences, 3(60), 101-108. <https://doi.org/10.26577/JES-2019-3-p10> (in Kazakh)
- Rezapkina, G. V. (2019). Sлагаемые профессиональной успешности учителя: опыт самодиагностики [Components of Teacher's Professional Success: Self-Diagnostic Experience]. Belgorod: Limited Liability Company “Amirit”. (in Russian)
- Rudneva, T. I. (2021). Professional'noe razvitie – faktor professional'noy uspehnosti [Professional Development – a Factor of Professional Success]. Vestnik Samarskogo universiteta. History, pedagogy, philology, 27(2), 61-65. <https://doi.org/10.18287/2542-0445-2021-27-2-61-65> (in Russian)
- Ryboretskaya, T. G. (2021). Proaktivnost' uchitelya kak faktor ego professional'noy uspehnosti [Teacher's Proactivity as a Factor in Their Professional Success]. Sankt-Peterburg: Center for Scientific and Information Technologies “Asterion”. (in Russian)
- Sakieva, M. G., & Mukhanbetchina, A. G. (2022). Razvitie professional'noy uspehnosti uchiteley [Development of Teachers' Professional Success]. Kirov: Interregional Center for Innovative Technologies in Education. (in Russian)
- Sedyukova, E. F. (2020). Vliyaniye individual'nogo stilya deyatel'nosti uchitelya na uspehnost' usvoeniya podrostkami uchebnogo materiala [The Influence of Teacher's Individual Activity Style on the Success of Adolescents' Learning Material Assimilation]. Proceedings of the Chechen State University, (4), 117. <https://doi.org/10.36684/12-2020-20-4-114-117> (in Russian)
- Serikov, V. V. (2021). Émotsional'no-éteticheskie resursy professional'noy uspehnosti uchitelya [Emotional-Aesthetic Resources of Teacher's Professional Success]. Moskva: ООО “МАКС Пресс”. <https://doi.org/10.29003/m2505.978-5-317-06712-0> (in Russian)
- Snegireva, M. V. (2021). Pravovye tsennosti i sotrudnichestvo pedagogov v oblasti nepreryvnoy obrazovaniya [Legal Values and Collaboration of Educators in the Field of Continuous Education]. Bulletin of the Volga University of V.N. Tatishcheva, 1(2), 96-109. [https://doi.org/10.51965/2076-7919\\_2021\\_1\\_2\\_96](https://doi.org/10.51965/2076-7919_2021_1_2_96) (in Russian)

Tkach, V. A. (2020). Uspeshnost' kak osnovnoy orientir upravleniya motivatsiey professional'nogo razvitiya pedagogov [Success as a Primary Guide for Managing the Motivation of Teachers' Professional Development]. *Quality Management in Education: Theory and Practice of Effective Administration*, 5, 23-38. (in Russian)

Toqayev, Q. Q. (2022). Әділетті мемлекетті. Біртұтас ұлт. Бәреке қоғам. Қазақстан халқына жолдау [The Just State. United Nation. Prosperous Society. Support to the People of Kazakhstan]. Nürsұлтан [Nur-Sultan]. Akorda.<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>(in Kazakh)

Turgynbaeva, B. A. (2007). Ustazdyq shyǵarmashylyq [Teacher Creativity]. Almaty. (in Kazakh)

Zhelezovskaya, G. I. (2019). Professional'naya uspeshnost' uchitelya: teoreticheskiy analiz ponyatiya i vozmozhnosti razvitiya v sisteme dopolnitel'nogo professional'nogo pedagogicheskogo obrazovaniya [Teacher's Professional Success: Theoretical Analysis of the Concept and Development Opportunities in the System of Additional Professional Pedagogical Education]. *News of the Saratov University. New episode. Series: Philosophy. Psychology. Pedagogy*, (1), 112. (in Russian)

Zhemukhova, L. Z. (2009). Uspekhnost' uchitelya kak pedagogicheskaya problema [Teacher's Success as a Pedagogical Issue]. *Proceedings of Herzen Russian State University.*, (109), 103-108. (in Russian)